

АБАЙ МҰРАСЫ

Абай – қазақ поэзиясының биік шыны, күдіретті ақыны. Абайдың жүрек шерімен жазған туындыларының тағылымы мәңгілік қымбат қазына. Абай жалғыз қазақ халқының ұлы емес, адамзаттың ұлы десек артық айтқандық болмас. Әлем халқы бас иген дара тұлғамызды қай жағынан да әспеттесек біздің елдік, халықтық парызымыз болып саналады

Абай шығармалары ұлтымыздың тұрмыс тіршілігін, мінезі мен дүниетанымын, ділі мен ділін түгел қамтиды. Сондықтан ұлттық жаңғыру ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып ұтымды пайдалану қажет, себебі ақын көтерген мәселелер бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. «Бірінші қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос», деп Абай әрбір қазақ баласын өз елінің парасатты және ұлтжанды азаматы болуға шақырды. Кеменгер ойшыл «атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, өмірдің мәні мен мақсатын Адам болу деп таныды. Біз жастардың тәрбиесін, ұлтты Абайша сүюден, елдікті, мемлекетті қадірлеуден бастауымыз керек.

Ол өз дәуірінің өмір шындығын, рухани болмысын танып біліп, өлеңде, кара сөзде өрнектеген ақын. Ұлы Абай - ұлт поэзиясының кеменгері Абайды тану, оны түсіну адамзат баласының қолы оңайлықпен жете бермейтін рухани, адами биіктікке алып баратын басқыштың бір басапалдағы. Шын мәнінде Абай қазақ үшін, әдебиетіміз бен мәдениетіміз, әдет-ғұрпымыз бен салт-сана, рухани болмысымыз үшін өзгеі терең бөйтерек. Осы орайда, өлбасының мына сөзі «Абай - біздің ұлттық ұранымызға болуы керек, Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Менің балаларым, мен ертеңгі ұрпағымызға Абайдан артық, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс», - деп толғаған бұл байлам, әрбір қазақ баласының көкейінде жүрек, қасиетті

ұғымға айналуы тиіс. Дегендей-ақ, бүгінде Абайды білмейтін, оның өленін, шығармаларын оқымайтын, Абайдың философиясын, таным-дүние түйсігін сезіп, білмейтін алаш кемде-кем шығар. Ендеше, бір сөзбен айтар болсақ ұлт мұратын, ұлттың тілін, ділін, халық аманатын әлемге паш етер болсақ, Абайға бас иіюіміз қажет. Сонда ғана ұлт армандарының, мұрат қағидаларының орындалғаны деп білеміз. Қазақтың бас ақыны Абай. Онан асқан, бұрын-соңғы заманда қазақ баласында болмаған. Сондықтан да бас ақын деп айтарымыз сөзсіз. Ендеше Абайдың поэзиялық, прозалық мұрасымен қоса әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазынасы, кара сөздері бар. Қазақтың жазба әдебиетін анық биік белге өрлетіп шығарған Абай. Өлді деуге сірә де сыймайтын, кейінгіге өлмес сөз қалдырған һәкім Абайдың қазақтың төбесінде биік болары осыдан. Қара сөз деген ұлы мұрасы ұлының ғұмырын, шығармаларын әр толғанысын баяндау болса, бүгінге дейін асыл кара сөз мұрасы қазақтың жарқын болашағының тәрбие құралы. Демек, қазақтың қуанғанын да, мұңайғанын да, жылағанын да, қиналғанын да, күрсінгенін де Абай мұраларында тебірене жырга қосты. Сөз өрнегі, інжу маржан мен өрнектелген мұрасының басты тақырыбы да адам болу, надандық жамандық әрекеттен аулақ болу.

Заман ауысып, уақыт өткен сайын халқымыз ғұлама Абайдың рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлы-жұрлығын тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі - бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді.

Л.Б.ЖӘМІНОВА
Қармақшы ауданаралық Әділет басқармасының бас маманы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА!

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі **2020 жылғы 27 мамыр сағат 11.00 –ден** бастап (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында Қызылорда қаласының коммуналдық мүлік нысанының сату бойынша электрондық аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Қызылорда қаласының коммуналдық мүлік нысанын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру нысандарын сату қағидасымен жүргізіледі.

Сауда-саттықтың **бағаны көтеру әдісімен** аукционға «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Саяхат мөлтек ауданына орналасатын 300 орындық мектеп нысанының құрылысы» жұмыс жобасы қойылады. Тенгерімімүстаушысы – Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Алғашқы бағасы – 4 769 200 тенге, бастапқы бағасы – 4 769 200 тенге, кепілдік жарна – 715 380 тенге.

Электрондық аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталуына екі сағат қалғанда аяқталады.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна бірінші оператордың шотына төленеді: «Ақпараттық – есептеу орталығы» АҚ: БИН 050540004455, ИИК KZ946017111000000330, БИК HSBKKZKX, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, КНП 171, КБЕ 16.

Аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екініші деңгейдегі банкетгі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефонны, факс, e-mail). Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертпеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Аукционға қатысушылар аукцион

басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінң бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша басталады.

Сауда-саттықтың **бағаны көтеру әдісі** бойынша электрондық аукцион ережесі:

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі Қағидаға сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірі осы Қағидаға сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жеке-шелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны арттырудың кемінде екі қадамына өскен жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы өткізілген болып танылады, бұл ретте бастапқы бағаның екі қадамға көтеруді кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жеке-шелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады. Сатып алу-

Сенім телефондары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талалтарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Ұ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің **қалалық қаржы бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 26-19-28 сенім телефоны жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талалтарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Ұ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің **«Қызылорда қаласының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8(7242) 26-12-19 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талалтарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Ұ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің **Қызылорда қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 26-39-64 сенім телефоны жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талалтарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Ұ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің **«Қызылорда қаласының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 27-16-07 сенім телефоны жұмыс істейді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру мерзімін бұзу туралы

Экономиканың дамуы негізінде Қазақстанда мүліктік қатынастар саласы да одан әрі дами түсуде.Осыған орай меншік иелерінің құқықтарын қорғаудың ең тиімді жолы мемлекеттік тіркеу болып табылады. Ата Заңымыздың 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік бірдей қорғалады.Меншік міндет жүктейді,оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 117-бабына сәйкес мүлік қозғалмайтын және қозғалатын мүлік болып екіге бөлінеді. Қозғалмайтын яғни, жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын дүние, жылжымайтын зат) жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүлік жатады.

Сонымен қатар, осы кодекстің 118-бабына сәйкес жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мен басқа да құқықтар, бұл шек кою, олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы тіркелуі тиіс. Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару, бір жылдан астам мерзімге жер пайдалану құқығы, жылжымайтын мүлікті кепілге беру,оған рента, сенім білдіру арқылы басқару құқығы мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап пайда болады. Мисалы, егер де жылжымайтын мүлік пайда болған кезде, осы мүлікке өз құқықтарыңызды әділет департаментінде немесе басқармаларда тіркемесеніз, онда сіз Заң талалтарына сәйкес мүліктің иесі болып табылмайсыз.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мем-

участника.

Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Нур-Султана путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта приватизации.

Правила проведения электронного аукциона **на повышение цены:** 1) если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правил, то аукцион по данному объекту приватизации признается не состоявшимся;

2) если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале один из участников подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правил, то стартовая цена увеличивается на установленный шаг;

3) если в течение двадцати минут после увеличения текущей цены ни один из участников не подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения текущей цены, то победителем признается участник, последний подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации, а аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

Аукцион по объекту приватизации на повышение цены идет до максимально предложенной цены одним из участников. Аукцион по объекту привати-зации на повышение цены считается состоявшимся только в том случае, если стартовая цена объекта приватизации повысилась не менее чем на два шага увеличения цены, при этом повышение стартовой цены на два шага осуществляют не менее двух участников.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются протоколом о результатах торгов, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и каждого участника в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, подписанную ЭЦП

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы **Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі №49 **Тапсырыс**

лекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес құқығыңызды белгілейтін заңды күшіне енген сот шешімін және өзге де құқық белгілеуші құжаттарды берілген сәттен бастап, алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу рәсімін жүргізу үшін халыққа қызмет көрсету орталығына өтінішпен жүгінуіңіз тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі-Кодекс) Кодекстің 694-695 баптарының негізінде әділет органдары әкімшілік істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолдануға құқылы. Осы кодекстің 62-бабының 3-тармағына сәйкес, тұлға әкімшілік құ-қық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды. Жоғарыдағының негізінде, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берудін белгіленген 6 айлық мерзімін бұзған тұлғаларға қатысты 2 ай мерзім ішінде осы Кодекстің талалтарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, қаралады және тиісті шешім шығарылады.Соймен қатар, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 460 бабына сәйкес әкімшілік іс қозғалып, жеке және заңды тұлғаларға -ескерту, осы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол әрекет жеке тұлғаларға-10,заңды тұлғаларға-20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ағымдағы жылдың бүгінгі күніне дейін 24 әкімшілік іс қозғалып, оның 4-заңды тұлға, 20- жеке тұлғаларға әкімшілік жазалар қолданылды.

Н.АСАНОВА
Қармақшы ауданаралық Әділет басқармасының басшысы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі

продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли-продажи заключается в электронном формате на веб-портале реестра и подписывается продавцом и покупателем с использованием ЭЦП в срок не более десяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов. При этом, продавец представляет покупателю проект договора купли-продажи на подписание в срок не более пяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов.

Местонахождение коммунального государственного учреждения «Қызылординский городской отдел финансов» акимата города Қызылорды: Республика Казахстан, Қызылординская область, г. Кызылорда, ул. Ыбырай Жахаева, дом 16, индекс:120014, здание Кызылординского городского акимата, каб. №415. Дополнительную информацию о проведении электронного аукциона можно посмотреть на сайте www.gosreestr.kz. или получить по телефону 8(7242) 27-67-60.

Победитель аукциона представляет продавцу при подписании договора купли-продажи копии следующих документов, с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

1) для физических лиц: паспорта или документа, удостоверяющего личность физического лица;

2) для юридических лиц: свидетельства либо справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица;

документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица, а также паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица.

Иностранные юридические лица представляют нотариально заверенные копии учредительных документов с нотариально заверенным переводом на казахский и/или русский языки.

Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа.

Внимание! Основаниями для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки являются несоболение участником требований, указанных в Правилах, а также непоступление за два часа до начала торгов гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на специальный транзитный счет единого оператора.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖА	Абай даңғылы, 59 (қазіргі Жібек жолы көшесі, «Караван сарай» мейрамханасына қарама-қарсы), 1-қабат	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді	



- Төтенше жағдай мәдениет саласының да біраз жоспарын кең көлемде жүзеге асыруға кедергі болғаны жасырын емес. Алайда, өз тараптарыңыздан шараларды онлайн жүйеде өткізудесіздер. Қалай өтуде?

- Дұрыс айтасыз, төтеннен келген бұл індет қазір тек казакстандықтардың ғана емес, әлем жұртының жұмыс жоспарына, өмір сүру дағдысына өзгеріс енгізуге мәжбүрледі. Барлық сала қызмет көрсетудің халыққа қолжетімді болуын ескеріп онлайн нұсқадағы жұмыс тәртібіне көшті. Біздің ұжым да төтенше жағдай жарияланғалы мүмкіндігінше шараларды онлайн форматта өткізуде. Арнайы медиа-жоспар әзірленген болатын. Сол жоспар негізіндегі жұмыстарды жалғастырудамыз. Токталып өтер болсам, бүгінгі күнге дейін түрлі форматтағы 500-ге жуық онлайн мәдени шара көрсетілді. Қаралым саны да жоғары болып, 20 000 аса көрермен қамтылды. Сондай-ақ, қала әкімдігі тарапынан «Youtube» бейнехостингін «Қызылорда арнасы» ашылды. Төтенше жағдай кезінде ұйымдастырылған күнделікті бейнематериалдар осы арнаға енгізілуде.

- Көрермендер концерттерді Мәдениет үйінен тікелей тамашаламаған соң ерекше әсерге бөленбесі де айқын. Онлайн жүйе сіздер үшін осынысымен де тиімсіз болар?

- Әрине, онлайн түрде өткізілген шаралар тікелей Мәдениет үйінен тамашалағандай әсер қалдырмасы анық. Алайда, мұның бәрі уақытша деп ойлаймын. Індеттің алдын алып, одан әрі таралмауы үшін біз де тиісті талапқа бағынғанымыз жөн. Халқымызға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау - біздің негізгі міндеттеріміздің бірі. Дерттің белең алуы бәсеңдегенде барлығы өз қалпына келеді. Яғни, алдағы уақытта мәдениет үйлерімізде концерттік бағдарламалар мен түрлі шаралар ұйымдастырылып, көрермендерге толы болады деген сенімдеміз.

- Қашықтықтан жұмыс істеп жатқан жергілікті өнерпаздардан өзге қызметкерлердің басым көпшілігі уақытша демалыста болар?

- Елбасының тапсырмасына сәйкес қызметкерлердің 70 пайызы қашықтықтан жұмыс жасауға жіберілді. Арнайы медиа-жоспар негізінде өнерпаздар онлайн концерттерді өз үйлерінен ұйымдастыруда. Олар бүгінде мамыр айындағы мерекелік шараларға дайындық жұмыстарын жүргізуде.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА!

Шиелі аудандық қаржы бөлімі аудандық коммуналдық меншіктегі жекешелендіру объектілерін электронды сауда-саттық арқылы сату жөніндегі 2020 жылғы 26 мамырда Нұр-Сұлтан уақытымен сағ. 11-00 де www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында коммуналдық аудандық меншік нысандарын сату бойынша электронды сауда-саттық өткізу туралы хабарлайды.

Аудандық меншік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру нысандарын сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны көтеру әдісі бойынша қойлатындар:

1-лот. 1986 жылы салынған, жалпы аланы 137,7 ш.м., болатын ескі шеберхана ғимараты (*литер В*), жер телімінсіз. Тенгерім ұстаушы: «Шиелі аудандық спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орналасқан мекен-жайы: Шиелі ауданы, Бестама ауылы, Б.Алтынсарин көшесі, №43А, Ғимарат апатты жағдайда, құрылыс материалы ретінде пайдалану үшін екі ай мерзімде бұзып алуға. Жер телімі мемлекеттің меншігінде қалдырылады.

Алғашқы бағасы - 777000 тенге. Бастапқы бағасы - 777000 тенге. Кепілдік жарна - 116550 тенге.

2-лот. Автокөлік маркасы «Ваз 21703 110», мемлекеттік номері 254 AD11, 2007 жылы шыққан. Тенгерім ұстаушы: «Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орналасқан мекен-жайы: Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т. Рыскулов көшесі, №6 үй. Автокөлік жөндеуді қажет етеді.

Бастапқы бағасы - 767000 тенге. Бастапқы бағасы - 767000 тенге. Кепілдік жарна - 115050 тенге.

3-лот. Автокөлік маркасы «Уаз 3303-024», мемлекеттік номері N457AP, 2003 жылы шыққан. Тенгерім ұстаушы: Шиелі аудандық білім бөліміне қарасты «№158 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орналасқан мекен-жайы: Шиелі ауданы, Ш. Қошаманов ауылы, С. Сейфуллин көшесі н/ж. Автокөлік күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бастапқы бағасы - 476000 тенге. Бастапқы бағасы - 476000 тенге. Кепілдік жарна - 71400 тенге.

4-лот. Автокөлік маркасы «Уаз 3303-024», мемлекеттік номері N459AP, 2003 жылы шыққан. Тенгерім ұстаушы: Шиелі аудандық білім бөліміне қарасты «№159 Еңбекші қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Орналасқан мекен-жайы: Шиелі ауданы, Еңбекші ауылы, Е.Бектұрсынов көшесі н/ж. Автокөлік күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бастапқы бағасы - 722000 тенге. Бастапқы бағасы - 722000 тенге. Кепілдік жарна - 108300 тенге.

Кепілді жарна төлеу деректемелері: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ, БСН:050540004455, ЖСК:KZ946017111000000330, БСК:HSBKKZKX, Банк аталуы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, ТТК:171, Бек:16

Назар аударыңыз! Сатушының өтінімі қабылдаудан бастартуы үшін қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірінші оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімі қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Аукцион өткізу туралы қосымша ақпаратты www.gosreestr.kz сайтынан алуға болады немесе 8(72432) 4-35-79 телефоны арқылы алуға болады.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асқарбек ЕСЖАНОВ:

ҚАЛАДА 500-ге ЖУЫҚ ОНЛАЙН МӘДЕНИ ШАРА ӨТКІЗІЛДІ

Еліміздегі төтенше жағдайға сәйкес, біршама жұмыс орындары жоспарларын әдеттегіден өзгеше форматта жүзеге асырып келеді. Мәселен, мәдениет саласы да онлайн жүйені негізге алды. Түрлі сайыстар мен шараларды қалалық мәдениет бөлімінің мамандары кешуейдетпей-ақ жұртшылыққа ұсынуда. Асқарбек Есжанов басқаратын ұжымның төтенше жағдай кезіндегі аяқ алысы мен өңірдегі өнердің деңгейін білді. Ол үшін сұхбатқа зер салыңыз.

- Мәдениет мамандары үшін қазір әдеттегіден тыс бос уақыт бар. Мұның өзі өнерпаздардың шығармашылықтарына жаңа леп пен серпін сыйлауға да мүмкін. Нәтижесінде, қаладағы өнер саласының одан әрі өрістеуіне сеп болары хақ деп ойлаймын...

- Орындар пікір білдірдіңіз. Жоспарланған мәдени шараларды өткізуге қойылған мұндай уақытша шектеулер өнер адамдары үшін жана мүмкіндіктерге жол ашқаны анық. Әлеуметтік желілерде тікелей эфирде онлайн концерттер беру, сұхбаттар мен дәрістерден тұратын бейнеконтент циклы жүзеге асуда. Бұл, өз ретінде қала өнерпаздарының дамуына оң септігін тигізеді.Мемлекет басшысы карантин жағдайында да көрермендерден алыстамай, онлайн-кеңістікті қарқынды игеріп жатқан мәдениет саласының қызметкерлеріне үйде отырған халыққа қолдау жасағандары үшін алғысын айтқан болатын. Біз үшін мұның өзі алдағы жоспарларды оңтайлы жүзеге асыруға демеу екені де сөзсіз.

- Сонымен, онлайн жүйеде бір ай көлемінде қандай мәдени шаралар өткізілді?

- Жыл басында жоспарланған шараларды онлайн форматта айдарларға бөліп өткізудеміз. Мысалы, «Өн шырқайық» айдарында «Мереке» вокалды - аспапты ансамблінің әншілері жеке-жеке онлайн концерт берді. «Ертегі тыңдайық» айдарында «Сықырлы айна» халықтық балалар қуыршақ театрының әртістері бұлдіршіндерге әртүрлі ертегілерін ұсынса, «Езу тартар» айдарында «Мереке-Думан» халықтық әзіл-сықақ отауының өнерпаздары вайндар түсіруде. «Әңгіме айтыңыз...» айдарында қоғамның зиялы қауым өкілдерінің сұхбаттары, «Үйірме – өнер бастауы» жобасында мәдениет үйлеріндегі үйірме мүшелері де өз өнерлерін көрсетуде. «Күліп а-іке» айдарында «Мереке - Думан» халықтық әзіл - сықақ отауының интермедиялары көрсетіліп халық назарына ұсынылуда. Сонымен қатар, әлеуметтік желі қолданушылары арасында түрлі байқаулар ұйымдастырылуда. «Өнді сүйсең, менше сүй...», Ұлыақын А.Құнанбаевтыңтуғананы 175жыл толуына орай «Өлең – сөздің патшасы...» атты ақын шығармаларын оқудан онлайн байқау, 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай «Жеңіске рух берген әуендер» атты патриоттық әндерді орындаудан сайыс өткізудеміз.Сондай-ақ, виртуалды көрмелер, онлайн кездесулар

мен шеберлік сағаттар да қамтылуда. Халықты, әсіресе жастарды кітап оқуға, өздігінен білім алуға тарту мақсатында «Оқы және өзгере ұсын» атты букдаитинг, «The books I read» айдары бойынша оқыған кітаптарымен ой бөлісу челленджі және Абай Құнанбаевтың шығармаларын жас буын арасында насихаттау, ақынның қара сөздері мен өлеңдерінде айтылған тәлім сөздерді олардың бойына сіңіру мақсатында «Абай оқулары» челленджі ұйымдастырылуда. Қала тұрғындары осыдан өзге де шаралар турасында толығырақ мәдениет бөлімінің әлеуметтік желідегі парақшаларынан ақпараттарды ала алады.

- Жөнімпаздарға қандай жүлделер тағайындалуда?

- Олар қаржылай сыйақыларға ие болып, арнайы Дипломдар және Алғыс хаттармен марапатталады.

- Қашықтықтан ұйымдастырылып жатқан байқаулардың марапаттаулары қалай жүзеге асып, сый-сияпаттары қайтып жеткізілуде?

- Карантин режиміне сәйкес қашықтықтан бірнеше байқау ұйымдастырылуда. Байқаулардың нәтижелері нақтыланған соң, жеңімпаздарды әлеуметтік желіге жариялаймыз. Ал қаржылай ұтыстары жеке банк карточкаларына аударылуда.

- Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай қызылордалықтар қандай жобалар мен концерттік бағдарламаларға куә бола алады?

- ҚР Президенті әкімшілігінің тұжырымдамасына сәйкес карантин кезінде азаматтардың өзін-өзі барынша оқшаулау режимін сақтай отырып, мерекелеуді ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін ұсыған болатын.Осыған орай, мамыр айындағы шаралар да онлайн форматта әлеуметтік желілерде өткізілуде. Ол үшін де арнайы жоспар бекітілді. Мәселен, 9 мамыр - Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Жеңісті жаңындатқан әндер» атты «Мереке» вокалды-аспапты ансамблі әншілерінің онлайн концерті, «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа - ұран» атты онлайн шар, «Әңгіме айтыңыз» айдарында тыл ардагерімен сұхбат және Кеңес одағының батыры Жәлел Қизатовтың 100 жылдығына арналған «Ант еттім, құрбан етіп жас жанымды» атауымен де шара ұйымдастырылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде «Мен батырдың ұрпағымын» атты челленджі өткізілуде. Аталған челленджіге мәдениет саласының мамандары да өз үлестерін қосуда.

Айта кетейін, бұл шараларды өткізу арқылы біз Отан үшін от кешкен

тұлғалардың ерлігін дәріптеп, ел бірлігінің құндылығын кеңірек насихаттаймыз. Шараларға куә болған көрермендерге тәуелсіз еліміздегі отбасы мен жақындарының амандығына тәубе етіп, өз елінің болашағының баянды болуына атсалысуынаықпал етуіміз қажет.

- Жалпы ардагерлерге мәдениет бөлімі тарапынан одан өзге қандай құрмет көрсетілмек?

- Ел шегіне жау тиген шақта қолына қару алып, қан майданға аяқ басқан жауынгерлер қашан да құрметке лайық. Қаламыздағы ардагерлерге рухани қолдау көрсетіп, олардың ерліктерін кейінгі ұрпаққа насихаттап, әлеуметтік желілер арқылы дәріптеу біздің мақсатымыз. Сондықтан, мәдениет саласының мамандары ардагерлерге арнап мереке қарсаңында жоғарыда атап өткен концерттік шараларды тарту етеді.

- Жыл басында Абай Құнанбаевтың 175, Әбу-Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай біраз жобалар жоспарланған болатын. Орындалу барысы қалай болмақ?

- Ұлы тұлғалардың мерейтойлары басты назарда. Жоғарыда атап өткендей, Абай Құнанбаевтың шығармаларын жас буын арасында насихаттау, ақынның қара сөздері мен өлеңдерінде айтылған асыл қасиеттерді олардың бойына сіңіру мақсатында «Абай оқулары» челленджі ұйымдастырылса, «Өлең – сөздің патшасы...» атты ақын шығармаларын оқудан байқау өткізілуде және Әбу-Насыр Әл – Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Әл – Фараби - мәдениет тарихында» атты танымдық онлайн шаралар ұйымдастырылды. Осы шаралармен ғана шектеліп қалмаймыз. Мерейтойлар алдағы уақытта да әртүрлі нұсқада ұйымдастырылады.

- Ал мемлекеттік тілдің мәртебесі турасындағы жобалар қалай жүзеге асуда?

- Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс-жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз етіп, қолданыс аясын кеңейту бағытында жұмыстар тиянақты атқарылууда.Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қайта бекітілді.Соның негізінде облыс, қала әкімдірінің қаулыларымен 6 жылдық іс-шаралар жоспары нақтыланған болатын. Қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелердің құжат айналымдарына ай сайын мониторинг жүргізіледі. Мемлекеттік тілде шығысталған құжат айналымы 2020 жылдың I тоқсанында 100 пайызды құрап отыр.Сондай-ақ, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен мемлекеттік тіл саясатын жүргізу мақсатында әртүрлі іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

- Шаралар мен жобалар туралы

білдік. Ал мәдениет үйлеріндегі үйірмелердің жұмыстары қалай өрбиде? Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс қай деңгейде?

- Үйірмелерге тиесілі жоспарлар да уақытылы жүзеге асуда. Яғни, күнделікті жұмыс кестесіне сәйкес үйірме қатысушылары онлайн түрде өз дәрістерін алууда. Осы сәтте айта өтейін, біздегі дәрістерді өткізу тәсіліне басқа да қала тұрғындарының, әсіресе жастардың қызығушылықтары артуда екен.Мәдениет үйлері жанынан құрылған үйірмелердің өнерпаздары үлкен қолдауға өтіп жатқан шараларға атсалысып келеді. Мәселен, олар «Үйірме – өнер бастауы» айдарында өнерлерін ортаға салуда.

- Жұртшылықты әбігерге салған атышулы індеттің алдын алу үшін қаладағы өнерпаздар эн арнады. Мәдениет саласының мамандары қала халқына одан өзге қандай қолдау көрсетуде?

- Иә, Қызылорда облысынан шыққан өнер адамдарды жергілікті өнерпаздармен бірлесе эн арнады. Одан бөлек жергілікті әншілеріміз де халыққа қолдау көрсету мақсатында әндерін ұсынды. Бұл көпшілік тарапынан үлкен қолдауға ие болғанын атап өткім келеді.Осындай қысыл-таян уақытта бөлімнің қызметкерлері«Біз біргеміз» акциясына да өз үлестерін қосуда. Қаладағы мәдениет саласының мамандары рамазан айында аз қамтылған және көп балалы 50-ге жуық отбасына азық-түлік себеттерін дайындап таратты.

- Мерекелік іс-шаралардың басым көпшілігі ойлаған форматта өткізілмеді. Тіпсілі қаржының игерілу турасына тоқталып өтіңіші...

- Қаржының бір бөлігі онлайн байқаулардың жүлде қорына жұмсалуда, ал үлкен форматтағы қаржы қажет етілетін жоспарланған шараларды кейінге қалдырып отырмыз.

- Сұрақты қызметіңізге бағыттасам...

Білім саласынан да тәжірибеміз бар. Бүгінде мәдениет бағытының басшылығын тізгіндеудесіз. Бұл екі саланың қайсысы жаныңызға жақын?

- Әр саланың өзіндік ерекшелігі болатыны рас. Дегенмен, мемлекеттік қызметтің миссиясы - халыққа адал қызмет ету және еліміздің ұлттық мүддесін тиімді қорғай білу. Бұл жауапты іс бізге жауапкершіліктен жүктелетін де мәлім. Сондықтан, мемлекеттік қызмет тізгініндегі адам қай сала жаныма жақын деп емес, мен ел-халыққа қаншалықты жақынмын деген ойда болуы керек деп ойлаймын.

- Әйткенмен, білім мен мәдениеттен өзге қай саланы игеруді қоздейсіз? Немесе өзіңді болашақта лауазымы жоғары креслодан көріміз мүмкін бе?

- Өзіңіз де білесіз, уақыттың алдына түскен ешкім жоқ. Сондықтан, бұл сауалды уақыттың еншісіне қалдырған жөн.

- Сұхбатыңызға рахмет!
Сұхбаттасқан А. ӘЛИАРЫСТАН

Өз автокөлігіңді өртен сақтау

Статистикалық мәліметтерге сәйкес ағымдағы жылы Қызылорда қаласы аумағында автокөлік құралдарында 14 өрт болып материалдық шығындарға әкелуде. Автокөліктегі өрттердің негізгі себебі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады. Орташа есеппен алғанда автокөлік толығымен 5-10 минут жанып кетеді, сондықтан өртті бастапқы сатысында жоюға шаралар қабылдау қажет.

Жылжымалы автокөлік азаматтық қорғау органдарына бақыланатын. Автомобильдің техникалық жай-күйі көлік құралын міндетті техникалық байқау процесінде бақыланады. Алайда, тексеру барысында автомобильдің және оның отын жүйесінің электр жабдықталуының жай-күйін тексеру жүзеге асырылмайды.

Өрттің алдын алу және автокөлік құралдарының өртке қарсы жағдайын жақсарту мақсатында мыналарға ерекше назар аудару ұсынылады:

- коректендеру жүйесі қосылысының герметикалығы;
- электр сымдарының шамақ жәнеаспаптық қалқан элементтеріне бекітудің сенімділігі;
- электронды оталдыру блогы, тұманға қарсы фарлар, қосымша сигналдар және т. б. қосымша электр сымдарының дұрыс жалғануы мен орнатылуы;
- жарамды өрт сөндіргіштің болуы;
- қосымша электр жабдықтарын орнату кезінде сактандырғыштар туралы ұмытпай, бұл үшін қажетті қимасы бар жеке сымдарды пайдалану;
- патрубкардың бүтіндігін және тамшылардың болмауын анықтау үшін үнемі капот астына қарап тұру қажет.

Өрт пайда болған кездегі бірнеше кеңестер: егер өрт шыққан болса, көлікті жол жиегіне дереу тоқтату қажет. Отты киіммен немесе басқа затпен тоқтатуға тырыспаныз, бұл

уақытты жоғалтумен тең. Сонымен қатар, сіз жаракат алуыңыз мүмкін. Өрт сөндіргішсіз отты сөндірудің барлық әрекеттері тиімді емес.

Егер өрт капот астында болса, тақиян немесе монтировкамен біртіндеп және өте абай болу арқылы оны ашу керек, өйткені жалпын капоттың сыртына шығуы мүмкін. Машина астына төгілген отынды сөндіру үшін өрт сөндіргішті пайдалану керек. Өрт сөндіргішті бақылау қарқынды жану ошағына бағыттау керек. Өрті брезентпен жауып, күмбен, топырақпен төгіп, су құю арқылы сөндіруге болады. Егер сіз майланған киімде немесе бензин сіңген киімде болсаңыз, өртті сөндіруге болмайды.

Әрбір машинада жұмыс жағдайындағы өрт сөндіргіш болуы тиіс және оның жарамдылық мерзімін үнемі тексеріп тұру қажет.

Мезгіл-мезгілмен өрт шығу жағдайын байланысты электр шаруашылығының және автомобильдің басқа да бөліктерінің жай-күйін көзбен шолып тексеру, қажет болған жағдайда мамандарға бару қажет. Балалардың автокөлігі салонында ересектердің қарауынсыз болуына, сондай-ақ от жағу көздерін (сірінке, оттықтар) сақтауға жол бермеу қажет.

Автомобильтер мен гараждар үй-жайларында: ақауы бар отын бақтары, карбюраторлар, сондай-ақ электрмен жабдықтау жүйелерімен ажыратылмаған автомашиналардың тұруына; электр сымдарын дәнекерлемей немесе нығыздаусыз қосуға; автомобильдерді болуға, құюға және нормадан асатын мөлшерде орнатуға; бөлшектерді тез тұтанатын және жаңғыш сұйықтықтармен жууға; ашық отты қолдана отырып жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

Е.СЕРМАНОВ
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының өнербасары, азаматтық қорғау майоры

ҚАШЫП ҚҰТЫЛМАЙСЫҢ...

Апаттың қай-қайсысы болмасын орны толмас залал келтіріп, зардап шектіретіні белгілі. Әсіресе, жол үстінде орын алатын көлік оқиғалары оқиға себепшіге де, жәбір көрушіге де оңай тимесі белгілі.

Көлікте отырғандардың бәрі бірдей емес. Жол үстінде көлік апаты орын алған жағдайда кінәлі көлік жүргізушілердің бірі дереу жәбір көрушілерге көмек көрсетіп, азаматтық парызын орындай білсе, енді біреулер “бөледен” қашып құтылғанша асығып, оқиға орнынан бой тасалайды. Биылғы жылдың 4 айының өзінде (қаңтар – сәуір) аймағымызда орын алған жол-көлік апаттары кезінде 78 көлік жүргізуші жауапкершіліктен қорқып, оқиға орнынан қашып кеткен. Осы 78 оқиғаның 12-інде денсаулыққа жеңіл зиян келсе, 65-інде материалдық шығын болған.

Өрине, денсаулығына зиян келген, материалдық шығын шеккен жанның жанайқайы бар. Одан бөлек, оқиғаға себепшінің де жауапкершілігі қаралу керек. Бүгін бір апаттан қашып, бой тасалаған оның алда тағы да одан да зор апат жасап, тағы талай жанның отбасына қайғы әкелмесіне кім кепіл?

Өрине, адам өміріне қауіп төндірген, денсаулығына зиян келтірген, мүлкіне нұқсан келтірген жағдайда кінәлі тарап заң алдында жауап беретіні белгілі. Көп адамдар заңды білмейтіндіктен оқиға орнынан кетіп қалсам, бөрінен құтыламын деп ойлайды. Алайда жол-көлік оқиғасына кінәлі ретінде жауапты болудан бөлек, сол оқиға орнынан бой тасалап кеткені үшін тағы да жауапты болатынын біле бермейді Осы ретте Қызылорда облыстық Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы Іздестіру тобының қызметкерлері жол-көлік оқиғасын жасап, оқиға орнынан бой тасалап кетудің алдын-алу мақсатында ел ішінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Бүгінде Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 611 бабының талаптарына сәйкес жол-көлік оқиғасын жасап, оқиға орнынан бой тасалап кеткен көлік жүргізушісіне сот шешімімен 100 айлық есептік көрсеткіштік айыппұлдан бір жылға дейінгі жүргізуші куәлігінен айырылу шарасы көріледі. Сондай-ақ, адам денсаулығына орта дәрежеде зиян келтірген және кісі өліміне әкеліп соққан жол-көлік оқиғасы орнынан бой тасалап кеткен көлік жүргізушісіне Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 345, 347 бап талаптарына сәйкес шара көріледі.

Демек, жауаптылық үстіне жауаптылық жамамай, қандай жағдай болғанда да оқиға орнынан кетіп қалмай, 102 нөміріне хабарласқан жөн.

Қызылорда қаласы әкімдігінің Төтенше жағдайдағы жедел штабының мониторингтік талдау топ жетекшісінің орынбасары Индира АҚЖІГТОВА:

ІНДЕТТІҢ КЕН ТАРАЛУЫНА ЖОЛ ЖОҚ!..

– Қалаға кіретін 4 қақпадан қандайда бір заң бұзушылықтармен қаладан шыққысы келгендер мен қалаға кіргісі келгендер болды ма?

– Заң бұзушылықтар болған жоқ. Өйткені, ол жерлерде медицина мамандары, бақылап тұрған жол полициясы мен әкімшілік қызметкерлері бар. Ол жерлерден өту оңайға соқпайды деп ойлаймын. Негізі жакында бір жағдай болды. Бір азамат Шымкент қаласынан келіп тұр. Бүгін қалаға кіруім қажет, себебі сағат 11-де қайтыс болған адамның намазына қатысуым керек дейді. Кіргізбедік. Өйткені олай болмайды. Қалаға кіргісі келгендер о баста елінен шықпай тұрып бізге хабарласып қалаға кіре аламын ба, жоқ па деп сұрауы қажет. Мысалы, біздің қаладан да шығып кетемін деген азаматтарға біз барынша түсіндіріп жатырмыз. Баратын қаланызға кіре алатындығыңызды нақтылап алыңыз деп. Өйткені ол жақ ана адамды кіргізбесе, біз бір рет шыққан адамды қалаға қайта кіргізе алмаймыз. Негізі екі ортада қалып қалмас үшін барлығын алдын ала нақтылап алған жөн.

– Карантин режимі жеңілдеді...

– Иә, карантин режимі жеңілдеді. Бірақ, бұл барлығы далада босып жүру керек деген сөз емес. Қазір облыстағы бас санитардың №11 қаулысына сәйкес халыққа қажетті қызметтердің бірнеше түріне жұмыс жасауға рұқсат етілді. Десе де тұрғындар әзірге азық-түлікке, дәріханаға және коқыс тастауға ғана шықса жақсы болар еді. Себебі, індетті көптеп таратып алмауымыз қажет. Өйткені, біз үшін әрбір адамның денсаулығы, амадыңғы маңызды. Сол үшін тәртіпке бағынып, үйде болған жөн!

– Жақында шыққан қаулы бойынша не айтасыз?

– Иә, қаулы шықты. Бас санитариялық дәрігердің №11 қаулысына сәйкес, халыққа қажетті деген маңызды қызмет түрлері қайта жұмыстарын бастады. Оның ішінде кәсіпкерлікке қатысты кәсіпорындарға, мемлекеттік мекемелерге және қазір тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі үшін қажет қызметтердің жұмыстарына (сактандыру, нотариалдық, жеке медициналық қызмет көрсету (лор, стоматология, офтальмология, ультрадыбыстық зерттеулер, МРТ, КТ, зертханалар, гинекология, урология), автокөлікті техникалық тексеру мен қызмет көрсету станциялары, көлік жуу, желімдеу, шаштараз, аяқ-киім жөндеу, «стұтынушыға дейін жеткізу» қағидагы бойынша электроника және тұрмыстық техника сататын сауда

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ДЕП ТОҚТАМАДЫҚ...

Көшенің көшеден кемі жоқ...

Қалалар көлеміне қарай үлкен, кіші деп бөлінгенімен қай қайсысына да проблема ортақ. Үлкен де, кіші де қайсыбір қала болмасын бәрінің шетжағы жылдар бойы қордаланып қалған жол мәселесі. Тіпті, айтуда ұят кей көшелерде жүру мүмкін емес.

Қала билігі жыл басынан бері осындай көшелерге ең құрығанда алдымен қиыршық тас төсеу мәселесі көп ұзамай шешілетінін айтып, жол нашар деп жылаған жұртты жұбатумен келе жатқан еді.

Міне, “Жұмыспен қамту жол картасы” шеңберінде қала бойынша, шетаймағы, ауылдық елді мекені бар барлығы 50 көшеге қиыршық тас төселеді. Жұрт жол азабынан титықтап жүрген Титов, Шанхай, Гагарин, Әл-Фараби, КБІ аудандарындағы тұрғындар үшін бұл жақсы жаңалық екені анық.

Сондай-ақ, бұдан бөлек қаладағы 111 көше, қалаға қарасты кент, ауылдарда 32 көше орташа жол жөндеуден өтеді.

Ауыз су ақшамен ағады

“Судың да сұрауы бар” демекші, ауыз су сапасы – тұрғындардың басты талабы. Сондай-ақ кәріз жүйесі де күнделікті тірліктің құрөтамыры десе болады.

Осы ретте қаладағы темір жол вокзалынан Егізбаев, Әуелбеков көшелеріндегі №6, 8, 10 тұрғын үйлерден Сүлейменов көшесіне дейін суағар кәріз жүйесін, №15 КНС-тен №139 КНС-қа дейінгі қысымды кәріз жүйесін қайта жаңғырту, Өсербаев көшесіндегі №1 КК-нен №3 КНС-қа дейін өздігінен ағатын коллекторды ағымдағы жөндеуге, Көшербаев көшесіндегі балабақшадан Сұлтан Бейбарыс – Жеңіс көшелерінің қиылысындағы №56 КНС-ке дейінгі кәріз желісі құрылысына қомакты қаржы қаралды. Бұдан бөлек қалаға қарасты 7 кент, елді мекендерге ауыз су желілерін жақсарту менен ауыз су жинау қоймасы құрылысын қаржыландыру да шешілді. Араларында ауыз су мәселесін айта беретін Белкөл, Наурыз елді мекендері де бар.

Серуендейтін орындар сәні кіреді

Басқа өңірлерге қарағанда жазы аптап, ыстық, жаңбыр аз, құрғақ Қызылорда қаласында жұрт серуендейтін, демалатын орындарға қолайлы жағдай жасау қала әкімі Н.Нәлібаевтың басты мақсаттарының бірі десек қателеспейміз.

Соңғы уақыттары қаланың орталық көшелерінде, дария жағасында тұрғындар үшін ыңғайлы орындықтар қойылып, әдемі мүсіндер орнатылып, қызылды-жасылды гүлдер егілуде. Тіпті, коқыс жәшігінің өзі әдеміленді. Бұрынғы сыртын тот басқан темір

қорапшалардың орнына жаңа бір, жақсы бұйымдар коқыс жәшігі болып тұр.

Женістің 75 жылдығы мерекесі тұ-сында “Тағзым” алаын жаңғыртуға қар-жы бөлінді. Сондай-ақ қаладағы “Сыр Ана” монументі мен темір жол паркі аумағы да абаттандырылады.

Балалар ойнайды
Талғамымен қатар талабы да таудай болған тұрғындардың, әсіресе көпқабатты үйде тұратындардың айтып жүрген мәселелерінің бірі – ойын алаңдары. Жасы-ратын несі бар әралуан спорттық ойын құрылғыларында балалары ойнап жатқанда ата-аналар әңгіме айтып, демалып отыратын аула алаңдары барларға өз аулаларында ондай алаңы жоқтар қызғана да, қызыға қарайды. Биылғы көктемнің соңғы айының жақсы бір жаңалығы қалада тағы да 30 спорт ойын алаңы салынатын болды.

Жүргіншінің өз жолы бар

Қала аумағының кеңеюіне, жаңа мөлтек аудандардың пайда болуына орай қала коммуналдық саласының “жоғы” уақыт сайын көбейіп отырады.

Көлік жолының қалпына әрән келіп жатқан халінен бөлек, жаяу жүргінші жолының жағдайы да жұрттан бөлек билікке де сын. Енді 68 көшеге тротуар салынатын болды. Өрине, қажеттілік бұдан көп. Бірақ, бәрін бірден реттеуге қаржы жетімсіз. Содан да кезең-кезеңімен, кезегімен...

Аялдамаға аялда...

Бұл да бір қажеттілік. Бұған дейін де қалада аялдама қажеттілігін шешудің амалдары жасалды. Әрі аялдама боп, әрі кәсіп істеп, пайда тап деп, кәсіпкерлерге берген кездер де болды.

Қазіргі аялдамалар қыста ық, жазда көлеңке болудан бөлек – бір-бір рухани жаңғыру дүңгіршектері болып тұр.

Қалада тағы да 70 аялдама салу үшін тағы да қомакты қаржы бөлінді. Есептеп қарасак 70 аялдамаға 175 млн. бөлінеді екен. Көлемі, түрі, конструкциясы бәрі бірдей біркелкі болса, әрқайсысына 2,5 млн. теңгедеген келеді екен.

Қараңғылықтан құтылып...

Қала іргесіндегі Тасбөгет кентіндегі үлкен мәселенің бірі кей көшелерде әлі күнге жарық бағаналарының жоқтығы. Көше тұрғындары әлі күнге көше бойы қараңғы деп қорқып жүр еді. Енді осындай жарығы жоқ көшелерге жарық бағаналарын орнатуға 36 млн. 563 мың теңге қаржы бөлінді.

Басы 1-бетте

Төтенше жағдай кезеңінде коммуналдық қызметтерді жеткізушілерге шығындарды өтеу бойынша ақпарат

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2020 жылғы 18 сәуірдегі №212 бұйрығымен бекітілген төтенше жағдай кезеңінде коммуналдық қызметтерді жеткізушілердің шығындарын өтеу ережесіне сәйкес коммуналдық қызметтерді жеткізушілерде жеке шоттары болған кезде коммуналдық шығындарды өтеуге құқығы бар адамдардың санаты:

- 1,2,3 топтағы мүгедектер;
- Мүгедектер, Ұлы Отан соғысының қатысушылары және оларға теңестірілгендер;
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
- Көп балалы отбасылар*(4 бала және одан жоғары);*
- Ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлер;
- Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау кезінде, әскери қызметте, ғарыш кеністігіне дайындалу немесе ұшу кезінде, адам өмірін сақтауда, занды және тәртіпті қорғау кезінде қайтыс болған адамдардың отбасы;
- Атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар, оның ішінде жалғыз басты зейнеткерлер.

Шығындарды өтеу жоғарыда көрсетілген адамдардың санатына жүгіну негізінде және карантин енгізілген елді мекендерде ай сайын бір тұтынушыға он бес мың теңге мөлшерінде төленеді. Бұл жағдайда есептеу төлем кезеңінің тұтастығын бұзбай, яғни тиісті айдың бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін жүргізіледі.

Коммуналдық шығындарды өтеу үшін тұтынушылар жеке сәйкестендіру нөмірін, әлеуметтік мәртебесін және жеке шоты туралы ақпаратты көрсете отырып, www.15.epd.kz ақпараттық веб-сайты және 400-700 номерлі байланыс орталығы арқылы ағымдағы жылдың 5 мамырынан бастап сағат 09:00-ден 21:00-ге дейінгі аралықта түскі үзіліссіз, демалыссыз өтініш бере алады.

Қабылданған өтініштерде көрсетілген ақпараттарды тиісті құзырлы органдармен және коммуналдық қызмет көрсетуші мекемелер тарапынан расталғаннан кейін төлем төлеуге жолданады.

Әрбір өтініш иесі берген өтінішінің орындалу барысын www.15.epd.kz ақпараттық веб-сайты арқылы көруге мүмкіндігі болады.

№	Мекеме атауы	Байланыс телефон
1	«Қызылорда Су жүйесі» МКК	23-03-03
2	ДТОО «Энергосервис»	40-09-70, 8-771-936-54-01 Диспетчер 40-07-47, 8-771-040-07-47
3	«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Жауапты оператор 8-771-012-12-11
4	«Қызылордажылуэлектр-орталығы» МКК	8-777-452-64-70
5	«Қызылорда тазалығы» ЖШС	22-10-26; 22-35-42 8-777-454-28-14
6	«ОДСП Арал»	70-08-42 8-707-791-01-47
7	«Теміржол су» ЖШС	29-25-21 8-701-425-19-80

Ескертпе:
Егерде абоненттің дербес шоты анықталмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген коммуналдық қызмет көрсетуші мекемелердің жауапты мамандарына хабарласуына болады. Өтініш білдірген абоненттер өз өтініштерінің қаралу барысын www.15.epd.kz арқылы білуге болады.

Құрметті Қызылорда облысының ҰЕҰ-ның көшбасшылары!

2020 жылдың шілде айында «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы ҰЕҰ қызметі туралы ақпараттық бюллетеньді шығаруды жоспарлауда. Біз сіздердің жетістіктеріңіздің дүйім қауымның назарында болуын қалаймыз! Сондықтан 2019 жылдың шілдесі мен 2020 жылдың шілдесі аралығында Сіздің ҰЕҰ жүзеге асырып жатқан жобалар мен бағдарламалар туралы ақпараттарыңызбен бөліссеніз қуанышты боламыз.

Аталмыш басылым ҰЕҰ қызметі үшін пайдаға асатын бағалы ақпарат көздері мен құралдарды қамтиды.

Ақпараттар 2020 жылдың 10-шы шілдесінен бастап қабылданады.

Ұсынылатын ақпараттар бойынша ұсыныстар:

- Ұйым және оның нәтижелі жүзеге асырған жобалары туралы қысқаша ақпарат , «Storytelling» форматында (Табыс тарихы).
- Шрифт Times New Roman, 14 кегль, бірлік интервал. Ақпараттың көлемі 1 беттен артық емес.
- Суреттердің саны 3-ден артық емес, JPG форматында. Ақпаратты mad800@mail.ru электронды поштасына жолдауыңызды сұраймыз. Барлық сұрақтар бойынша келесі телефонға хабарласыңыздар: 8 776 898 6666 Инабат Қарифуллаева 8 702 224 25 55 Эрик Тенизбаев.

Суға түсу кезіндегі қауіпсіздік шаралары:

Жаздың ыстығында күнге және ыстық құмға қыздырыну, салқын суға шомылу жаңға сондай жайлы. «Су сенің досың және дұшпаның».

Жас балалардың суға шомылу білмеуі, адамдардың суда қауіпсіздік ережелері, шараларын орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Сондықтан осын-дай келенсіз оқиғаларды болдырмау үшін, төмендегі ережелерді орын-даған жөн:

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары:

- суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар.
- суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз.
- тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз.
- өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тонып қалтырауға дейін жеткізбеніз.
- қорғау белгілерінен тыс аумаққа шықпаңыз.
- техникалық ескерту белгіле-рінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

Өзендер мен көлдерде тоқтау су-лар мен шалық суларда шомылу-

7.05.2020 жыл

Ш.БЕРДІБАЕВ
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы
азаматтық қорғау майоры